



**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі
Төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 16 маусымдағы N 02-1-7/60 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1173 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 19.03.2013 № 06-7/32 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялау күнінен бастап, бірақ 2013 жылдың 26 наурызынан ерте емес қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік органдар жүргізетін бос әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурстар туралы хабарландыруларды жариялаудың тәртібі мен ережелерін жетілдіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 V990986_ бұйрығымен бекітілген, 1999 жылғы 30 қарашада Әділет министрлігінде 986 N-мен тіркелген Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің қағидасына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 1 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлем "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

1 7 - т а р м а қ т а :

"сондай-ақ осы Қағидамен көзделген" деген сөздер "немесе осы Қағиданың 19-тармағымен көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурсты өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс:";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Жергілікті атқарушы органдардың, әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдері аппараттарының, С-4-тен С-13 аралығындағы (қоса алғанда), D-3-тен

D-8 аралығындағы (қоса алғанда), E-2-ден E-9 аралығындағы (қоса алғанда) санаттардың аумақтық органдарының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға өткізілетін сынақтар жөніндегі конкурстарды өткізу туралы хабарландыру облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері белгілеген жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында ресми түрде жариялануы тиіс.

Сонымен бір мезгілде жоғарыда аталған конкурстар туралы мәліметтер уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне Интернет жүйесіндегі республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарын WEB-парақтарына орналастыру үшін ұсынылуы тиіс.

Жоғарыда аталған мемлекеттік органдар C-2, C-3, D-1, D-2, E-1 санаттарының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыруы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында, сондай-ақ облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері белгілеген жергілікті ақпарат құралдарының басылымдарында жариялануы мүмкін";

38-тармақтағы "алты айдан" деген сөздер "бір айдан" деген сөздермен ауыстырылсын.

Төраға

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.